

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2021)

Павлодар

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CDZE3219>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., доктор PhD

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор PhD

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., д.ф.н., профессор (Российская Федерация)

Еспенбетов А. С., д.ф.н., профессор

Трушев А. К., д.ф.н., профессор

Маслова В. А., д.ф.н., профессор (Белоруссия)

Пименова М. В., д.ф.н., профессор (Российская Федерация)

Баратова М. Н., д.ф.н., профессор

Аймухамбет Ж. А., д.ф.н., профессор

Шапауов Ә. Қ., к.ф.н., профессор

Шокубаева З. Ж., технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

МАЗМҰНЫ

Адилбекова А. К.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі
фразеологизмдердің ерекшеліктері9

Азаматова А. Х., Ахметбекова А. М.

Лингвистикалық терминдер сөздіктерінде метамәтін ретінде
терминологиялық дефиницияның қолдану ерекшеліктері15

Баяхметова А. А., Омарова З. Қ.

Диминутивтерді көркем туынды мәтіндерінде
қолданудың аспектілері27

Бекбосынова А. Х.

«Қазақ» газеті: білім беру және тіл мәселелері37

Болатбекова Ж. Б., Картаева А. М.

Абай қарасөздерінің ағылшын тіліндегі нұсқасын
қазақтілді емес мектептерде оқытудың тиімді әдісі47

Жанұзақова Қ. Т., Әбдікәрім Н. А.

Қазіргі қазақ прозасындағы постмодернизм құбылысы58

Жубаназарова К. А., Майкупова Р. Н., Сапахова Ж. А.

Медициналық университетінде орыс тілін
шет тілі ретінде оқу кезіндегі екпіннің манызы66

Жүсіпов Н. Қ., Жүсіпов Е. Қ.,

Баратова М. Н., Курметова А. А.

Шығыс әдебиеті мен Мәшһүр Жүсіптің
Мұхаммед Пайғамбарды жырлаудағы үндестігі78

Жұмабекова А. Қ., Умירתасова Н. И.

Лингвистикалық мәтіндерді ағылшын тілінен
қазақ тіліне тікелей аудару стратегиясы
шеңберіндегі аударма әдістері87

Ибраимова Ж. Ж., Молгаждарова С. М.

Құрылымдық схемаға бағынбайтын сөйлемдер98

Кайрамбаева А. Ж., Байкенова К. А.

Экспрессивтілік жарнамалық дискурстың
тиімділігінің басты белгісі ретінде105

Қожамсүгірова Б. Ә., Базарбаева З. М.

Қазіргі лингвистикадағы интернет-дискурс115

Кожамметова К. Е., Кадырова Б. М., Кожамметова Б. Р.

Қазақ саясаткерлері сөйлеу портретінің
прагматингвистикалық аспектілері127

Қуандық З. Е.

Мәшһүр Жүсіп мұрасын сақтаушы137

Манасбаева Н. Ш., Сабитова Л. С.

Диминутивті сын есімдер: морфологиялық ерекшеліктері144

нәтижесіне келе, осы мақалада біз жиналған барлық ақпаратты қарастырып, талдаймыз және байланыс теорияларына сүйене отырып қорытынды жасаймыз.

Кілтті сөздер: интернет-дискурс, ауызша дискурс, жазбаша дискурс, лингвистика, интернет сленг, тіл білімі, ағылшын тілі, орыс тілі.

B. O. Kozhamsugirova¹, Z. M. Bazarbayeva²

¹Ablaikhan Kazakh University of International Relations and World Languages, Republic of Kazakhstan, Almaty.

²Baitursynov A. Institute of Linguistics, Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 21.05.21.

INTERNET DISCOURSE IN MODERN LINGUISTICS

Internet discourse in modern linguistics is usually considered as a hybrid between oral and written discourse. This model does not take into account the unique features of Internet discourse, which cannot be explained by the influence of either oral or written discourse. It is assumed that Internet discourse shares many features with both oral and written discourse, but also has enough unique features to be considered its own independent form of discourse. Due to the development of innovative technologies, the importance of studying modern concepts is increasing, including the study of such a concept as Internet discourse. We used qualitative and quantitative methods for studying discourse. In this article, we attempt to explain the place of Internet discourse in modern linguistics in order to distinguish Internet discourse as an independent language continuum. The article examines the special features of Internet discourse, including all its aspects: the expression of emotions, the representation of the physical environment, abbreviations, punctuation and synchronicity. As a result, in this article we analyze all the collected information and draw conclusions based on the theory of communication.

Keywords: Internet discourse, oral discourse, written discourse, linguistics, Internet slang, linguistics, English, Russian.

FTAMP 16.21.61

<https://doi.org/10.48081/XKPQ1791>

***К. Е. Кожамметова, Б. М. Кадырова, Б. Р. Кожамметова**

Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ҚАЗАҚ САЯСАТКЕРЛЕРІ СӨЙЛЕУ ПОРТРЕТІНІҢ ПРАГМАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Мақалада сөйлеу портретіне, прагмалингвистика ұғымдарына қатысты зерттеулерге шолу жасалып, қазіргі қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретінің прагмалингвистикалық аспектілері қарастырылды. Олардың сөйлеген сөздеріне, пікірлеріне, сұхбаттарына сөйлеу портретінің прагмалингвистикалық әлеуеті тұрғысынан кішігірім талдаулар жасалды. Қазақ саясаткерлері сөйлеу портретін қарастыруда функционалды және жасырын прагмалингвистика ұғымдары мен талдау тәсілдері қолданылды. Прагматиканың дәстүрлі мәселесі – сөйлеу актілеріне, тыңдаушыға әсер етудің белгілі бір ниеттері мен стратегияларын өзектеудегі сөйлеушінің басымдықтарына назар аударылды. Прагматикалық мән теориясы мен айтылымдардың астарлы мағыналары, сөйлеушінің ниеті мен айтқан сөзі арасындағы мағына өзгеше болу мүмкіндігі, айтылымдар мағынасына кірмеген жайттарды, айтылған сөздің астарлы мәнін ой-тұжырымдап шығарып алу мүмкіндігі, мағыналық ой-тұжырым – импликатура, прагмалингвистиканың өзегін құрайтын сөйлеу актілерінің теориясына қатысты мәселелер сөз болды. Жасырын және функционалды прагмалингвистика ұғымдарының анықтамалары зерделеніп, жасырын прагмалингвистика тұрғысынан қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретін сипаттауға ұмтылыс жасалды. Сөйлеу актісінде бейсаналық, автоматты түрде таңдалған, бұрыннан қалыптасқан сөйлеу әдеттеріне байланысты сөйлеу қылықтарының жиынтығы, тілдік бірліктерінің грамматикалық және лексикалық мағыналары қосымша реңк жүктейтіндігі анықталды.

Кілтті сөздер: сөйлеу портреті, прагмалингвистикалық аспектілер, қазақ саясаткерлері, сөйлеу актілері, функционалды және жасырын прагмалингвистика, импликатура, талдау.

Кіріспе

Лингвистикада тілді адамның іс-әрекеті мен қызметіне байланыстыра қарастыру мәселесі өзекті. Бүгінгі жаһандану, ғаламтор мен ақпараттық ағым ықпалындағы қоғамда көп қырлы саяси қызметке, саясаткердің кәсіби мансабы аясында сөйлеген сөздері мен жазған, айтқан пікірлеріне, берген сұхбаттарына деген қызығушылық артуда. Яғни саяси дискурсты толыққанды ұғыну, қазіргі қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретін құрайтын сөйлеу құралдарын лингвистикалық, прагмалингвистикалық тұрғыда талдап, сөйлеу портретін жасау әдістерін жетілдіру арқылы жүзеге аспак.

Зерттеудің нысаны: Қазақ саясаткерлерінің сөйлеген сөздері мен сұхбаттары, сөйлеу портреті

Зерттеудің пәні: Қазақ саясаткерлердің сөйлеу портретінің прагмалингвистикалық аспектілері

Мақсаты: Қазақ саясаткерлерінің сөйлеген сөздерінің, берген сұхбаттарының прагмалингвистикалық ерекшеліктерін айқындау арқылы сөйлеу портретін жасау. Осы мақсатқа жету барысында мынадай міндеттер шешу көзделді:

- сөйлеу портретін зерттеудегі әр түрлі көзқарастар мен пәнаралық сипаттағы мәселелерге шолу;
- сөйлеу портреті, тілдік тұлға анықтамаларын айқындау;
- Прагмалингвистиканың құзыретіне кіретін коммуникативтік акті, прагматикалық функциялары, сыпайылық феномені және сөйлеу актілеріне талдау жасау арқылы саясаткерлердің сөйлеу портретін жасау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі. Қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретін қарастыру барысында салыстыру және салғастыру әдістері, сипаттау әдісі, прагмалингвистикалық талдау әдісінің элементтері мен тілдік деректердің мағыналық түсіндірме әдісі қолданылды. Сөйлеу портретіне прагмалингвистикалық талдау жасау арқылы қазақ саясаткерлерінің жалпы білімділік деңгейін, танымдық бағытын, парасаттылық ерекшеліктерін, іс-әрекеттерінің уәждемесін анықтауға болады.

Саясаткерлердің сөйлеу портретіне деген қызығушылық әлеуметтік коммуникация жағдайындағы жаһандық және қарама-қайшы проблемалар мен қиындықтардан туындайды. Сөйлеу портретін зерттеу әр түрлі көзқарасты, пәнаралық сипаттағы мәселелердің белгілі бір шеңберін қарастыруды және лингвистика, саясаттану, философия, мәдениеттану, лингвистикалық персонология деректеріне сүйенуді қажет етеді. «Сөйлеу портреті» деген лингвистикалық термин XX ғасырдың 60-жылдарының ортасында фонетикалық портрет идеясын ұсынған М. В. Пановтың есімімен байланысты. Сөйлеу портретін әртүрлі аспектілерде зерттеумен Виноградов В. В., Караулов Ю. Н., Китайгородская М. В., Розанова Н. Н.,

Крысин Л. П., Леорда С. В., Тарасенко Т. П., Попова Т. И., Матвеева Г. Г. және т. б. ғалымдар айналысқан. Ю.С. Алышева, О. И. Асташованың диссертациялары саяси көшбасшылардың сөйлеу портретін зерттеуге арналса, А.В. Колмогорова мен О. Н. Варламованың зерттеулерінде сөйлеу портреті тұжырымдамаларының негізіне С. В. Мамаева мен Г. Г. Матвееваның анықтамалары алынған. Осы авторлардың пікірінше, **сөйлеу портреті** дегеніміз жеке немесе ұжымдық тілдік тұлға сөйлеуінің сипаттамасы, тілдік құзыреттілігінің барлық деңгейіндегі сөйлеу ерекшеліктерінің сипаттамасы, сондай-ақ адамның психологиялық және әлеуметтік параметрлері ескерілетін сөйлеу мінез-құлқының сипаттамасы. Осы бағыттағы отандық зерттеулерге келер болсақ, Ж. Б. Абильдинованың «Особенности речевого портрета русского, казахского и немецкого этноса в анекдотах» мақаласын, Г. Мусаканованың «Портретирование как метод изучения языковой личности» мақаласын, сондай-ақ Елбасы Н. Назарбаевтің сөйлеу портретін зерттеуге арналған Л. Абдуллинаның «Говорить как Назарбаев» еңбегін атап өтуге болады, бірақ қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретіне арналған зерттеулер жоқ. Мақаламыз сөйлеу портретінің прагматлингвистикалық аспектісіне арналғандықтан, қазақ тіл біліміндегі түрлі бағыттағы прагмалингвистиканың зерттеулеріне де шолу жасадық, атап айтқанда М. Оразовтың сөз семантикасының прагматикалық аспектісі, А. Алдашева публицистикалық терминдердің прагматикалық ерекшеліктері, Б. Момынова газеттік лексиканың прагматикалық аспектісі, З. Ерназарова сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі, Д. Әлкебаева қазақ тілі стилистикасының прагматикасы, С. Аташев бұқаралық ақпарат құралдарының прагматикасы, Б. Хасановтың сөздің лексикалық мағынасы мен прагматикасы, Б. Райымбекова, Ф. Жаксыбаева, Г. К. Ихсанғалиевалардың және т.б. зерттеулері.

Г. Г. Матвеева сөйлеу портретін «тыңдаушыға әсер етудің белгілі бір ниеттері мен стратегияларын өзектеу үшін белгілі бір жағдайларда сөйлеушінің сөйлеу басымдықтарының жиынтығы» ретінде анықтайды [1, б. 332]. Осылайша, бүгінгі таңда **сөйлеу портреті** – сөйлеу мінез-құлқының ерекшелігін, жеке (психологиялық) және кәсіби (әлеуметтік) параметрлердің ерекшеліктерін және т. б. ескере отырып, тілдік құзыреттілікті іске асырудың барлық деңгейлеріндегі сөйлеу ерекшеліктерін егжей-тегжейлі сипаттауды қамтитын жеке немесе ұжымдық тілдік тұлға сөйлеуінің кешенді сипаттамасын білдіреді деп айта аламыз [2, 542 б.]

Прагмалингвистика – сөйлеу әрекеті теориясының, коммуникативті грамматика мен сөйлеу актілері теориясының жетістіктері тоғысатын интегралды ғылыми бағыт [3, 73 б.]. Ал прагмалингвистикалық аспектіде

саясаткердің сөйлеу портретін талдау арқылы оның тұтас бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік аламыз.

Зерттеушілердің пікірінше, прагмалингвистиканың негізгі ұғымы – сөйлеу актісі. Ғалым Арутюнова Н. Д. «Речевой акт – целенаправленное речевое действие, совершаемое в соответствии с принципами и правилами речевого поведения, принятыми в данном обществе; единица нормативного социоречевого поведения, рассматриваемая в рамках прагматической ситуации» [4, 412 б.], – деп жазады. Прагмалингвистика адресант ниетін білдіру үшін сөйлеушінің тілдік формаларды пайдаланып, тілдік құрылымдар бірліктерін таңдау мүмкіндіктерін зерттеумен айналысады. «Под прагмалингвистикой понимается изучение выбора говорящими различных языковых форм с точки зрения возможностей структурных единиц языка выразить интенцию адресанта» [5, 309 б.]. Прагмалингвистиканың құзыретіне коммуникативтік актінің прагматикалық функциялары, сыпайылық феномені және сөйлеу актісін құру мәселелері кіреді. Ұзақ уақыт бойы сөйлеу актісі прагматикалық талдаудың бірлігі ретінде әрекет етті. Сөйлеу актілеріне адамның өмірі мен қызметі контекстінде сөйлеуді талдайтын зерттеушілер, сондай-ақ зерттеушілер күнделікті сөйлеуді және ауызша қарым-қатынас пен мінез-құлықтың басқа түрлеріне жүгінді.

Прагматиканың дәстүрлі мәселесі – сөйлеу актілерін есептеу және оларды жіктеу мүмкіндігі, яғни сөйлеушінің белгілі бір **ниетін** білдіру үшін дәстүрде бекітілген сөздер тобын анықтау болып табылады (өтіну, уәде беру, қауіп төндіру және т.б.). Дж. Лич сөйлеу актілерінің сыпайылық принципі тұрғысынан жіктелуін ұсынады. Оның пікірінше, сөйлеу актісінің сыпайылық дәрежесі оның критерийі болып табылады, ал прагматикалық мағына сөйлеуші ниетін білдіреді [6, 104 б.]. Демек, сөйлеу портретін талдауды тыңдаушыға әсер етудің белгілі бір **ниеттері** мен **стратегияларын** өзектеу үшін белгілі бір жағдайлардағы сөйлеушінің сөйлеу басымдықтарын қарастыру арқылы жүзеге асыруға болады.

Прагматикалық мән теориясы Г. П. Грайстің еңбектерінде қарастырылып, онда алғашқы рет айтылымдардың астарлы мағыналарын талдауға назар аударылған. [7, 217–237 б.]. Сонымен қатар, тілдік құзыреті бар адресат (тыңдаушы), сөйлеушінің ниеті мен айтқан сөзі арасындағы мағына өзгеше болуы мүмкін екенін түсінетінін анықтады. Бірақ коммуникативті постулаттар айтылымдар мағынасына кірмеген жайттарды, тыңдаушының тікелей қарым-қатынасы барысында айтылған сөздің астарлы мәнін ой-тұжырымдап шығарып алуына мүмкіндік береді. Грайс айтылған сөз нәтижесіндегі мағыналық ой-тұжырымын (выводы из произнесенного высказывания) **импликатура** деп атады [8]. Мысалы, Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 2019 ж. 21 тамызындағы «Нұр Отан» партиясы жиынында айтқан сөзіне тоқталайық:

«Мемлекет саяси тұрақтылық пен қоғамдағы келісім арқылы дамиды. Дағдарыс кезеңінде жүйені шайқалтпай, қайта нығайту керек. Ол үшін бізге қоғамды дамытатын, жұрттың айтқанына құлақ түретін мықты көшбасшылар мен мықты партия керек... Біреулер келіп, біреулер кетіп жатса не болатын айналамыздан, постсоветтік кеңістіктен көріп отырмыз» [9], – деген сөзінің **импликатурасы**: «мықты көшбасшы мен мықты партия керек» – «Елбасы мен Нұр Отан партиясы халыққа қажет» дегені, «жүйені шайқалтпау» – халықтың наразылыққа шығып, қоғамдық тәртіпті бұзбауы қажет, олай болмаған жағдайда «біреулер кетіп, біреулер келіп жатса не болатынын», яғни Украина немесе Қырғызстандағыдай жағдайға тап болатынымыз, биліктің нақты ауысуы әрқашан ел үшін соққы болатыны меңзеліп тұр. Осылайша, тыңдаушының тікелей қарым-қатынасы барысында айтылған сөздің астарлы мәнін ой-тұжырымдап шығарып алуға болады.

Кейбір лингвистердің пікірінше, тіл жүйе ретінде өмір сүрсе, прагматика осы жүйенің қалай қолданылатынын зерттейді [10]. Ана тілінде сөйлеушілер негізінен сөздердің әлеуметте бекітілген, жалпыда қабылданған мағыналарын пайдаланады, бұл коммуниканттардың өзара түсінушілігін артып, ары қарай қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Г. Г. Матвееваның айтуынша, прагмалингвистиканың объектісі – мәтінді жіберушінің (сөйлеушінің) мақсаты, міндеті, ниеті мен интенцияларына қарай жүзеге асатын тілдің әсер етуші функциялары [11, 208 б.]. Прагмалингвистиканың өзегін сөйлеу актілерінің теориясы құрайды. Сөйлеу актісі – бұл «әдетте тілді/сөйлеуді құрал ретінде қолданып практикалық немесе менталды әрекетке мәжбүрлейтін, белгілі бір мақсатта туындап айтылатын» айтылым (высказывание) [12, 214 б.].

Прагмалингвистика аясында ауызша қарым-қатынастың әртүрлі аспектілері зерттелсе, функционалды прагмалингвистика айтылым тудыру мәселелерін зерттеуге, коммуниканттардың оның мағынасын түсінуіне және тиімді сөйлеу қарым-қатынас ережелеріне назар аударады. Функционалды прагмалингвистика сөйлеу әрекетін тыңдаушыға оңтайлы әсер ету үшін мәтін жіберушінің сөйлеу бірліктерін мақсатты және саналы түрде таңдауы ретінде қарастырады.

Ал жасырын прагмалингвистика сөйлеу мінез-құлқын бірден, автоматты түрде, бейсана деңгейінде орындалатын сөйлеу әрекеттерінің жиынтығы ретінде анықталады. Жасырын прагмалингвистика тұрғысынан сөйлеу әрекеті – бұл қарым-қатынас мақсатына жетуге бағытталған айтушының өздігінен автоматты түрдегі сөйлеу әрекеттерінің кешені [5, 65 б.]. Таңдау мен әсер ету сөйлеу әдетіне байланысты бейсаналық, механикалық түрде жүреді. Мысалы, 2012 ж. қыркүйегінде Серік Әбденов 35 жасында Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі болып тағайындалды, бірақ 2013 ж. сәуірінде зейнетақы

реформасының барысын түсіндіру үшін туған Қарағанды облысына барған кездесулердің бірінде, сөйлеген сөзі оның танымалдылығын бірден шарықтатты. Оның себебі «Әйелдердің зейнеткерлік жасын 63 жасқа дейін көтерудің мәні неде? – екенін түсіндіруді сұраған қала тұрғынына берген жауабы еді: «Вам нужно работать и работать, потому что уважаемые земляки, потому что, потому что. Ну, зачем вам в 50 лет думать о пенсии. При выходе на пенсию мы просто приобретем дополнительные болезни, мы будем раньше стареть. Это однозначно» [17]. Келтірілген мысалда жас министрдің тілдік құрылымдарды, бейсаналық, механикалық түрде, сәтсіз таңдауын «Вам нужно работать и работать» деген сөзінен аңғарсақ, адресанттың сөйлеу мінез-құлқын, ниетін «...При выходе на пенсию мы просто приобретем дополнительные болезни, мы будем раньше стареть. Это однозначно» деген тиімсіз әсер етуші тілдік бірліктерді қолдануынан көреміз. Жас министрдің сөйлеу стратегиясын дұрыс қолданбауы, бірден әлеуметтік желідегі «танымалдылығының» артуына ықпал етті. Осы тұрғыдағы сөйлеу актісінде бейсаналық, автоматты түрде таңдалған, бұрыннан қалыптасқан сөйлеу әдеттеріне байланысты сөйлеу қылықтарының жиынтығы, тілдік бірліктерінің грамматикалық және лексикалық мағыналары қосымша реңк жүктегенін көреміз.

Қорытынды: Сөйлеу портретінің прагмалингвистикалық талдауын тыңдаушыға әсер етудің белгілі бір ниеттері мен стратегияларын өзектейтін жағдайлардағы сөйлеу басымдықтарын қарастыру арқылы жүзеге асыруға болады. Яғни, белгілі бір жағдаятта орын алатын жасырын, бейсана сондай-ақ, әдеттегі сөйлеу әрекеттеріне прагмалингвистикалық талдау жасау арқылы адамның жалпы білімділік деңгейін, танымдық бағытын, парасаттылық ерекшеліктерін, іс-әрекеттерінің уәждемесін анықтауға болады. Сонымен қоса, сөйлеу актілерін сыпайылық принципі тұрғысынан жіктеп, оның критерийін анықтап, прагматикалық мағына арқылы сөйлеуші ниеті анықталады.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Матвеева, Г. Г.** Скрытые грамматические значения и идентификация социального лица («портрета») говорящего: дис. д-ра филол. наук: 10.02.19 / Матвеева Галина Григорьевна. – СПб., 1993. – 332 с.
- 2 **Мамаева, С. В.** Речевой портрет [Электронный ресурс] // Эффективное речевое общение (базовые компетенции): Словарь-справочник. Сибирский федеральный университет / Под редакцией А. П. Сковородникова. Красноярск, 2014. 542 – 543 с.
- 3 **Маслова, А. Ю.** Введение в прагмалингвистику: Учеб. пособ. / А. Ю. Маслова. – М. : Флинта: Наука, 2007. 72–73 с.

- 4 **Арутюнова, Н. Д.** Речевой акт // Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В. Н. Ярцева. М. : Советская энциклопедия, 1990. – 412 с.
- 5 **Crystal, D.** An Encyclopaedic Dictionary of Language and Languages / Crystal D. – Penguin Books, 1992. – 422 p.
- 6 **Leech, G. H.** Principles of Pragmatics / Leech G.H. – NY, London: Longman, 1983. – 250 p.
- 7 **Грайс, Г. П.** Логика и речевое общение / Г. П. Грайс // Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1985. – Вып. 16: Лингвистическая прагматика. – С. 217–237.
- 8 **Каразия, Н. А.** Методика прагмалингвистического исследования: основные подходы и категории // Вестник КРАУНЦ. Гуманитарные науки. 2006. № 1. [Электронный ресурс]. – <https://goo.su/4cw6>
- 9 [Электронный ресурс]. – <https://clck.ru/TTs9Q>
- 10 **Verschuere, J.** Linguistic pragmatics and semiotics / Verschuere J. // Semiotica. Journal of the International Association for Semiotic Studies, Vol. 104, 1995.
- 11 **Матвеева, Г. Г.** Некоторые проблемы прагмалингвистики // прагмалингвистика и практика речевого общения: сб. Науч. Тр. Междунар. Науч. Конф. (24.11.2007 г.). – Ростов-на-Дону : ИПО ПИ ЮФУ, 2007. – 208 с.
- 12 **Формановская, Н. И.** Речевая интенция как объект исследования в лингвистическом и методическом аспектах. – Лингвистический поиск на рубеже веков. – М., 2000. – 213–214 с.
- 13 [Электронный ресурс]. – <https://clck.ru/TMftp>
- 14 **Арутюнова, Н. Д.** Речевой акт / Н. Д. Арутюнова // Большой Энциклопедический Словарь «Языкознание». Под ред. В. Н. Ярцевой. – М., 1998. – С. 412–413.
- 15 **Абильдинова, Ж. Б.** Особенности речевого портрета русского, казахского и немецкого этноса в анекдотах // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. 2013. № 7–2.
- 16 **Мусаканова, Г.** «Портретирование как метод изучения языковой личности» <https://goo.su/4DNU>.
- 17 **Абдуллина, Л.** Говорить как Назарбаев – Усть-Каменогорск, 2016. – 159 б.

References

- 1 **Matveeva, G. G.** Skrytye grammaticheskie znacheniya i identifikaciya socialnogo lica (portreta) govoryashhego [Hidden grammatical meanings and identification of the social face («portrait») of the speaker: dis. Dr. philol. Science : 10.02.19 / Matveeva Galina Grigorievna]. – St. Petersburg, 1993. – 332 p.

2 **Mamaeva, S. V.** Rechevoy portret [Electronic resource] // Effektivnoe rechevoe obshenie (bazovye kompetencii) : slovar-spravochnik. [Effective speech communication (basic competencies): Dictionary-reference]. Sibirsky Federal University / Edited by A. P. Skovorodnikov. Krasnoyarsk, 2014. – 542–543 p.

3 **Maslova, A. Yu.** Vvedenie v pragmalingvistiku. [Introduction to pragmalinguistics] Study guide/ A. Y. Maslova. – M. : Flinta: Nauka, 2007. 72–73 p.

4 **Arutyunova, N. D.** Rechevoi akt [Speech act] // Linguistic encyclopedic dictionary / Ed. by V. N. Yartseva. – M. : Sovetskaya enciklopediya, 1990. – 412 p.

5 **Crystal, D.** An Encyclopaedic Dictionary of Language and Languages / Crystal D. – Penguin Books, 1992. – 422 p.

6 **Leech, G. H.** Principles of Pragmatics / Leech G. H. – NY, London : Longman, 1983. – 250 p.

7 **Gries, G. P.** Logika i rechevoe obshenie. [Logic and speech communication] / G. P. Gries // New in foreign linguistics. – M., 1985. – Issue 16 : Linguistic pragmatics. – pp. 217–237.

8 **Karaziya, N. A.** Metodika pragmalinguisticheskogo issledovaniya: osnovnye podkhody i kategorii [Methodology of pragmalinguistic research: basic approaches and categories]. Humanities. 2006. № 1. [Electronic resource]. – <https://goo.su/4cw6>

9 [Electronic resource]. – <https://clck.ru/TTs9Q>.

10 **Verschuere, J.** Linguistic pragmatics and semiotics / Verschuere J. // Semiotica. Journal of the International Association for Semiotic Studies. – Vol. 104, 1995.

11 **Matveeva, G. G.** Nekotorye problemy pragmalingvistiki // Pragmalingvistika i praktika rechevogo obsheniya. [Some problems of pragmalinguistics]. Nauch. Conf. (24.11.2007). – Rostov-on-Don : IPO PI YUFU, 2007. – 208 p.

12 **Formanovskaya, N. I.** Rehevaya intenciya kak objekt issledovaniya v lingvisticheskom i metodicheskom aspektah. [Speech intention as an object of research in linguistic and methodological aspects]. – Linguistic search at the turn of the century. – Moscow, 2000. – 213–214 p.

13 [Electronic resource]. – <https://clck.ru/TMftp>.

14 **Arutyunova, N. D.** Rechevoi akt. [Speech act] / N. D. Arutyunova // Bolshoy Enciklopedicheskiy Slovar ‘Yazykoznanie’. V. N. Yartseva, M., 1998, pp. 412–413.

15 **Abildinova, Zh. B.** Osobennosti rechevogo portreta russkogo, kazakhskogo i nemeckogo etnosa v anekdotah. [Features of the speech portrait of the Russian, Kazakh and German ethnos in anecdotes] // Actual problems of the humanities and natural sciences. – 2013. – № 7–2.

16 **Musakanova, G.** Portretirovanie kak metod izucheniya yazykovoi lichnosti. [Portraiture as a method of studying the language personality] [Electronic resource]. – <https://goo.su/4DNU>.

17 **Abdullina, L.** Govorit kak Nazarbayev. [Speak like Nazarbayev] – Ust-Kamenogorsk, 2016 – 159 p.

Материал баспаға 21.05.21 түсті.

К. Е. Кожяхметова, Б. М. Кадырова, Б. Р. Кожяхметова

Торайғыров университет,

Республика Казакстан, г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 21.05.21.

ПРАГМАЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РЕЧЕВОГО ПОРТРЕТА КАЗАХСКИХ ПОЛИТИКОВ

В статье представлен обзор исследований, касающихся речевого портрета, понятий прагмалингвистики, рассмотрены прагмалингвистические аспекты речевого портрета современных казахских политиков. Их выступления, комментарии, интервью подвергались небольшому анализу с точки зрения прагмалингвистического потенциала речевого портрета. При рассмотрении речевого портрета казахских политиков использовались понятия и методы анализа функциональной и скрытой прагмалингвистики. Обращено внимание на традиционную проблему прагматики – речевые акты, приоритеты говорящего в актуализации тех или иных намерений и стратегий воздействия на слушателя. Были затронуты вопросы теории прагматического значения, возможности различения значений между намерением говорящего и сказанным, возможности осмысления не вошедших в смысл произнесенного, возможности осмысления подтекста сказанного, формирование умозаключения семантической мысли – имплицатуры, проблемы теории речевых актов, составляющих ядро прагмалингвистики. Изучены определения понятий скрытой и функциональной прагмалингвистики, предпринята попытка описания речевого портрета казахских политиков с точки зрения скрытой прагмалингвистики. Установлено, что в речевом акте совокупность речевых поступков, грамматических и лексических значений языковых единиц, связанных с бессознательными, автоматически выбранными,

уже сформированными речевыми привычками накладывает дополнительный смысловой оттенок.

Ключевые слова: речевой портрет, прагмалингвистические аспекты, казахские политики, речевые акты, функциональная и скрытая прагмалингвистика, импликатура, анализ.

K. E. Kozhakhmetova, B. M. Kadyrova, B. R. Kozhakhmetova

Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 21.05.21.

PRAGMALINGUISTIC ASPECTS OF SPEECH PORTRAIT OF KAZAKH POLITICIANS

The article presents an overview of the research concerning the speech portrait, the concepts of pragmalinguistics, and the pragmalinguistic aspects of the speech portrait of modern Kazakh politicians. Their speech, comments, and interviews were subjected to a small analysis from the point of view of the pragmalinguistic potential of the speech portrait. The concepts and methods of analysis of functional and hidden pragmalinguistics were used, considering the speech portrait of Kazakh politicians. Attention is drawn to the traditional problem of pragmatics – speech acts, the speaker's priorities in actualizing certain intentions and strategies of influencing the listener. The questions of the theory of pragmatic meaning, the possibility of distinguishing the meanings between the speaker's intention and what was said, the possibility of understanding what was not included in the meaning of what was said, the possibility of understanding the subtext of what was said, the formation of the inference of semantic thought - implicature, the problems of the theory of speech acts that make up the core of pragmalinguistics were discussed. The definitions of the concepts of hidden and functional pragmalinguistics are studied, an attempt is made to describe the speech portrait of Kazakh politicians from the point of view of hidden pragmalinguistics. It is established that in a speech act, the totality of speech actions, grammatical and lexical meanings of language units associated with unconscious, automatically selected, already formed speech habits imposes an additional semantic shade.

Keywords: speech portrait, pragmalinguistic aspects, Kazakh politicians, speech acts, functional and hidden pragmalinguistics, implication, analysis.

FTAMP 17.07.31

<https://doi.org/10.48081/KBYU5579>

*3. Е. Қуандық

Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

МӘШҲҮР ЖҮСІП МҰРАСЫН САҚТАУШЫ

Қазақ әдебиеттану ғылымында ақын, ғұлама, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасының алар орны ерекше. Ұзақ жылдар бойы ақынға «дінишіл», «ұлтшыл» атты негізсіз айыптаулар тағылып, ақын шығармаларын зерттеп, зерделеуге тиым салынды. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана, ақын мұрасы халықпен қайта қауышты. Мақалада, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мол мұрасын, қолжазбаларын осы күнге дейін жетуіне, сақталуына мол үлесін қосқан ұстаз, Мәшһүр Жүсіптің кенже ұлы Мұхаммед Фазыл Жүсіпұлының ғұмыры мен атқарған еңбегі туралы айтылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көзі тірі кезінде ақынның өз мектебі қалыптаса бастады. Осы мектептің көрнекті өкілі Мұхаммед Фазыл Жүсіпұлының «Мәшһүртану» ғылымына қосқан үлесін көрсету.

Кілтті сөздер: мұра, қолжазба, Мәшһүр Жүсіп, Мұхаммед Фазыл ақын.

Кіріспе

Ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмір сүрген кезеңі – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алдыңғы отыз жылы. Бұл дәуір қоғамдық, әлеуметтік, саяси тұрғыдан қандай қайшылықты болса, ақынның шығармашылық кезеңі де соншалықты күрделі болды. Қазақ ақындарының ішінде Мәшһүр-Жүсіп артында мол, ең көлемді мұра қалдырған тұлға болып саналады. Халқымыздың әдебиеті, тарихы, басқа да ғылым салаларына қатысты отыз томнан аса құнды дүниелер қалдырғаны белгілі. Өмір бойы көз майын тауысып, түптің түбінде ұлтымның керегіне жарар деген арманмен жинаған құндылықтар қазір толық болмаса да қолымызға аман-есен жетті. Өз туындыларынан бөлек халқымыздың небір жауһар дүниелерін жинақтап, кейінгі ұрпақ тәлім-тәрбие алсын деген мақсатпен іріктеген асыл мұрасының өзі бір төбе. Осыншама бай құндылықтарды зерделеу, зерттеу, саралау, жинақтау, жүйелеу жұмыстары қазіргі заман ғалымдарының еншісіне бұйырып тұр. Ақын өз еңбектерінің көлемі жайлы «Менің жазғандарымды оқу үшін Нұх пайғамбардың жасы керек» деп жазып қалдырған болатын.